

«Бекітемін»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі

Б.А. Асыллова

« 03 » 2018 ж.

**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша
«Қазақстан тарихы» пәнінен 11-сыныпқа арналған тест спецификациясы**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жалпы білім беру ұйымдарына білім беретін пәндердің оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған құжат.

1. Мақсаты: 11 сынып оқушыларының Қазақстан тарихы пәні бойынша дайындық деңгейін бағалау.

2. Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде - 15, екінші деңгейде – 9, үшінші деңгейде – 6 тапсырма.

Тест жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламасына сәйкес Қазақстан тарихы пәні бойынша оқу материалдарынан тұрады.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Тас және қола дәуірі	01	Тас және қола дәуірі	01	Палеолит. Мезолит. Неолит. Энеолит. Қола дәуірі
02	Темір дәуіріндегі Қазақстан	02	Темір дәуіріндегі Қазақстан	01	Көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы. Көшпелі мал шаруашылығы – тіршіліктің қайнар көзі. Қазақстан көшпелілерінің мәдениеті
				02	Сақтар: деректер, саяси тарихы, қоғамы, шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті, археологиялық мәдениеті. Үйсіндер: деректер, саяси тарихы, қоғамы, шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті, археологиялық мәдениеті. Қаңлылар: деректер, саяси тарихы, қоғамы, шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті, археологиялық мәдениеті. Ғұндар: деректер, саяси тарихы, қоғамы, шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті, археологиялық мәдениеті. Сарматтар: деректер, саяси тарихы, қоғамы, шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті, археологиялық мәдениеті.
				03	Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан өңірі

03	Ерте және дамыған ортағасырлардағы (VI-XIII ғғ.) Қазақстан	03	Ерте және дамыған ортағасырлардағы (VI-XIII ғғ.) Қазақстан	01	Түрік, Батыс түрік, Түркеш, Қарлұқ қағанаттары, оғыздар, қимақтар: қоғамдық-саяси тарихы, әлеуметтік-экономикалық дамуы Қарахандар, қарақытайлар, наймандар, керейлер, жалайырлар, қыпшақтар: қоғамдық-саяси тарихы, әлеуметтік-экономикалық дамуы
04	VI-XVII ғғ. мәдениеті	04	VI-XVII ғғ. мәдениеті	01	Ұлы Жібек жолының қалыптасуы және тарихи маңызы VI-IX ғғ. мәдениеті. VI-XIII ғғ. қалалық мәдениет, сәулет өнері, қолөнер, сауда. Рухани мәдениет: дін, білім, ғылым. XIV –XV ғғ. Қазақстан мәдениеті. XVI-XVII ғғ. Қазақстанның мәдениеті.
05	XIII-XVII ғғ. Қазақстан	05	XIII-XVII ғғ. Қазақстан	01	Монғол дәуірі, Алтын Орда: құрылуы, қоғамдық құрылысы, күшеюі, ыдырауы. Қазақстан территориясындағы XIII-XV ғғ. мемлекеттер. Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай ордасы, Әбілхайыр хандығы, Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібір. Өмір Темір мемлекеті.
				02	Қазақстан территориясындағы этникалық өзгерістер. Қазақ хандығының құрылуы. Қазақ хандығының сыртқы және ішкі саясаты. XVI-XVII ғғ. қазақ хандығының дамуы: Қасым хан, Хакназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Тәуке хан.
06	XIII – XVII ғғ. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы	06	XIII – XVII ғғ. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы	01	XIII-XV ғғ. мемлекеттердің мемлекеттік-әкімшілік құрылымы Қазақ хандығының басқару жүйесі. XIV-XV ғғ. Қазақстанның экономикалық жағдайы XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығының экономикалық жағдайы

07	Қазақстанның XVIII - XIX ғғ. әлеуметтік-экономикалық дамуы	07	Қазақстанның XVIII - XIX ғғ. әлеуметтік-экономикалық дамуы	01	Қазақстанның Қытаймен сауда-экономикалық қарым-қатынасы. XIX ғ. 2-жартысындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы
08	XVIII - XIX ғғ. Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы	08	XVIII - XIX ғғ. Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы	01	Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі. Кіші жүздің Ресей империясы құрамына кіруі. Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты
				02	Қазақтардың 1773-1775 жж. Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысуы. С.Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі. Хандық биліктің жойылуы. 1836-1838 жж. Бөкей Ордасындағы шаруалар көтерілісі. 1837-1847 жж. К.Қасымұлы бастаған көтеріліс. XIX ғ. 50-жж қазақ шаруаларының азаттық үшін күресі. Ұлы жүздің Ресейге қосылуы, Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы. 1860-1890 жж. Қазақстандағы реформалар. Қазақ халқының XIX ғ. 60-70 жж. ұлт-азаттық көтерілістері
09	XX ғ. бірінші жартысындағы Қазақстан	09	XX ғ. бірінші жартысындағы Қазақстан	01	XX ғ. басындағы Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік дамуы. «Әскери коммунизм саясаты». ЖЭС жылдарындағы Қазақстан. Индустрияландыру кезіндегі Қазақстан. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру ҰОС кезіндегі Қазақстанның экономикалық қуатының артуы
				02	XX ғ. басындағы Қазақстанның саяси жағдайы Ұлт-азаттық қозғалыстар мен олардың негізгі бағыттары. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс. Қазақстан Ақпан, Қазан төңкерістері жылдарында.

					Саяси партиялар, қозғалыстар және автономиялар. Азамат соғысы және оның қорытындылары. Қазақ АКСР-нің құрылуы. Қазақ АКСР территорияларының құрылуы. Қазақстанның 20-40 жж. қоғамдық-саяси өмірі. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы.
10	XVIII - XX ғғ. Қазақстан мәдениеті	10	XVIII - XX ғғ. Қазақстан мәдениеті	01	XVIII ғ. мәдениеті. XIX ғ. I жартысындағы Қазақстан мәдениеті. XIX ғ. II жартысындағы Қазақстан мәдениеті.
				02	XX ғ. басындағы Қазақстан мәдениеті. XX ғ. 20-40 жж. Қазақстанның мәдени дамуы. XX ғ. II жартысындағы (1946-1980 жж.) мәдениет
11	XX ғ. екінші жартысындағы (XX ғ. 50-80 жж.) Қазақстан	11	XX ғ. екінші жартысындағы (XX ғ. 50-80 жж.) Қазақстан	01	XX ғ. 50-80 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі.
				02	XX ғ. 50-80 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы.
12	Тәуелсіз Қазақстан	12	Тәуелсіз Қазақстан	01	Тәуелсіздік жариялануы және егеменді Қазақстанның қалыптасуы. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси дамуы. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты
				02	Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы
13	Құжаттардағы тарих	13	Құжаттардағы тарих	01	Тарихи оқиғалар туралы жазба деректер 1. Тас және қола дәуірі 2. Темір дәуіріндегі Қазақстан 3. Ерте және дамыған ортағасырлардағы (VI-XIII ғғ.) Қазақстан 4. VI-XVII ғғ. мәдениеті 5. XIII-XVII ғғ. Қазақстан 6. XIII – XVII ғғ. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы 7. Қазақстанның XVIII - XIX ғғ. әлеуметтік-экономикалық дамуы 8. XVIII - XIX ғғ. Қазақстанның

				қоғамдық-саяси дамуы 9. XX ғ. бірінші жартысындағы Қазақстан 10. XX ғ. екінші жартысындағы (XX ғ. 50-80 жж.) Қазақстан 11. XVIII - XX ғғ. Қазақстан мәдениеті
--	--	--	--	---

3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Оқу бағдарламасы бойынша түлектер Қазақстан тарихы курсынан меңгеруі тиіс:

Тарих пәнін, археологиялық және жазба деректерді; ауа-райының адамдардың өміріне және шаруашылық қызметіне әсерін; уақыт сызығын, тарихтағы жыл санауды; алғашқы адамдардың тұрақтарын; ежелгі Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғаларды, тарихи тұлғаларды; тарихи Отан ұғымын; Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктерді; Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің пайда болуы, қалыптасуы және дамуын; ортағасырлар кезеңіндегі Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуын; Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің құрылуы мен дамуының ерекшеліктерін; моңғол және жоңғар шапқыншылығына қарсы тәуелсіздік үшін күрестегі, мемлекеттің сыртқы саясатындағы, негізгі фактілер мен оқиғаларды; қазақ қоғамының материалдық, рухани жетістіктері, оның өзіндік ерекшеліктері туралы; қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімдері, исламның қазақ қоғамындағы рөлін; Қазақстан тарихындағы Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы; ортағасырлар кезеңіндегі негізгі тарихи ескерткіштерді; жаңа дәуірдегі Қазақстан тарихының хронологиялық шегін; XVIII ғ. басындағы Қазақстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайын; қоғамның әлеуметтік құрылымы мен басқару жүйесін, шаруашылығын; Қазақстанның Ресей империясына қосылу үдерісі, жаулап алуы, отаршылдық саясатының салдары; Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күрестері мен қозғалыстарының тарихын, XVIII-XIX ғасырлардағы басты-басты ұлт-азаттық қозғалыстарды, олардың себептерін, негізгі оқиғаларын, нәтижелері мен салдарын; XVIII-XIX ғғ. Қазақстан мәдениеті; отан тарихының біртұтастығы мен жүйелілігін сипаттайтын негізгі фактілерді, үдерістер мен құбылыстарды; Отан тарихының кезеңдерін; Қазақстанның тарихи жолының ерекшеліктері мен оның әлемдік қауымдастықтағы рөлін; Қазақстан тарихының негізгі тарихи мәселелерінің зерттелу жайы, ондағы түрлі көзқарастар туралы; тарих беттеріндегі ақтаңдақтарға қазіргі көзқарасты; қазіргі қоғамдық үдерістердің тарихи шарттылығын; Қазақстанның Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы тарихи дамуын, Ақпан революциясы, Қазан төңкерісі және Азамат соғысы туралы; XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси партиялар мен ағымдардың, олардың бағдарламаларының мәнін; «әскери коммунизм» мен жаңа экономикалық саясаттың саяси мәнін; қазақ мемлекетінің құрылуының басты кезеңдерін, ҚазАКСР мен ҚазКСР-ның құрылуын; Қазақстанда индустрияландыру мен ұжымдастырудың барысы және оның қазақ халқына тигізген зардаптарын; 1920-1930-жылдардағы мәдениет саласындағы негізгі өзгерістер; тоталитарлық мемлекеттің қалыптасуы және ұлт зиялыларына қарсы жаппай қуғын – сүргін туралы; Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның Ұлы Жеңіске қосқан үлесін; соғыстан кейін Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік-саяси дамуын; тың және тыңайған жерлерді игеру себептері, оның Қазақстанға тигізген салдарын, Қазақстанның «тоқырау» жылдарындағы тарихы.

4. Тапсырмалар формасы:

Тест бір дұрыс жауапты (берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау) 20 тапсырмадан және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты 10 тапсырмадан тұрады. Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Тестіленуші бір дұрыс жауапты тест тапсырмасын дұрыс орындаса 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Тестіленуші бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмасын дұрыс орындаса 2 балл, бір қате үшін – 1 балл, екі және одан да көп қате үшін – 0 балл алады. Толық тест бойынша максималды балл – 40.

6. Тест тапсырмаларын апробациядан өткізу:

Тест тапсырмалары ҚР мектептерінің 11 сыныптарында апробациядан өтеді.